

Заңды тұлға мәртебесі бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтар құрамына кіретін су объектілерінде балық аулау көлемдерін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті Төрағасының м.а. 2017 жылғы 15 қыркүйектегі № 17-1/249 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2017 жылғы 28 қыркүйекте № 15806 болып тіркелді.

"Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы" 2006 жылғы 7 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабының б) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес заңды тұлға мәртебесі бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтар құрамына кіретін су объектілерінде балық аулау көлемдері бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз және электрондық түрдегі көшірмесінің ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберілуін;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесінің мерзімді баспа басылымдарына ресми жариялауға жіберілуін;

4) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Орман шаруашылығы және
жануарлар дүниесі комитеті
төрағасының міндетін атқарушы*

М. Айнабеков

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы
министрлігі
Орман шаруашылығы және
жануарлар дүниесі комитеті
төрағасының
міндетін атқарушының
2017 жылғы 15 қыркүйектегі
№ 17-1/249 бұйрығымен
бекітілді

Заңды тұлға мәртебесі бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтар құрамына кіретін су объектілерінде балық аулау көлемдері

Түрі	Барлығы, тонна	Оның ішінде, аулау түрі бойынша		
		әуесқойлық (спорттық) балық аулау	өсімін молайту мақсатында аулау	ғылыми-зерттеу үшін аулау
Баянауыл мемлекеттік ұлттық табиғи паркі (су айдындарының саны – 3)				
Жасыбай көлі	4,778	4,778	-	-
торта	2,209	2,209	-	-
алабұға	2,569	2,569	-	-
Сабынды көлі	6,946	6,946	-	-
торта	0,226	0,226	-	-
алабұға	6,720	6,720	-	-
Торайғыр көлі	0,817	0,817	-	-
алабұға	0,817	0,817	-	-
БАРЛЫҒЫ	12541	12541		
Катонқарағай мемлекеттік ұлттық табиғи паркі (су айдындарының саны - 3)				
Язевое көлі	0,685	0,4	-	0,285
акқайраң	0,685	0,4	-	0,285
Қаумыш (Черновое) көлі	0,368	0,3	-	0,068
сібір хариусы	0,368	0,3	-	0,068
Маралды көлі	0,396	0,3	-	0,096
сібір хариусы	0,396	0,3	-	0,096
БАРЛЫҒЫ	1,449	1		0,449
Марқакөл мемлекеттік табиғи қорығы (су айдындарының саны – 1)				
Марқакөл көлі	25,003	21,106	-	3,897
майқан	24,418	21,106	-	3,312
хариус	0,585	-	-	0,585
БАРЛЫҒЫ	25,003	21,106	-	3,897
"Көлсай көлдері" мемлекеттік ұлттық табиғи паркі (су айдындарының саны – 2)				
Төменгі Көлсай көлі	0,294	0,245	-	0,049
микижа (форель)	0,294	0,245	-	0,049
Ортаңғы Көлсай көлі	0,113	0,079	-	0,034
микижа (форель)	0,113	0,079	-	0,034
БАРЛЫҒЫ	0,407	0,324	-	0,083
Ақмола облысы бойынша "Көкшетау" мемлекеттік ұлттық табиғи паркі, (су айдындарының саны – 2)				
Зеренді көлі	8,37	4,2	4	0,17
оңғақ	0,01	-	-	0,01

торта	1,52	1,5	-	0,02
табан	0,02	-	-	0,02
тұқы	0,05	-	-	0,05
алабұға	1,52	1,5	-	0,02
шортан	0,23	0,2	-	0,03
ақсақалар	5,01	1	4	0,01
шаян	0,01	-	-	0,01
БАРЛЫҒЫ	8,37	4,2	4	0,17
"Көкшетау" мемлекеттік ұлттық табиғи паркі, Ақмола облысы бойынша (су айдындарының саны – 3)				
Түрі	Барлығы, тонна	Оның ішінде, аулау түрі бойынша		
		Әуесқойлық (спорттық) балық аулау	Ғылыми-зерттеу үшін аулау	Мелиорациялық аулау
Имантау көлі	32,69	5,5	0,19	27
мөңке	-	-	-	-
оңғақ	0,01	-	0,01	-
торта	11,52	1,5	0,02	10
табан	18,54	1,5	0,04	17
тұқы	0,05	-	0,05	-
алабұға	1,52	1,5	0,02	-
шортан	1,03	1	0,03	-
ақсақалар	0,01	-	0,01	-
шаян	0,01	-	0,01	-
Лобанов көлі	2,15	2	0,15	-
мөңке	0,02	-	0,02	-
оңғақ	0,01	-	0,01	-
тұқы	1,1	1	0,1	-
алабұға	1,02	1	0,02	-
Шалқар көлі	0,08	-	0,08	-
мөңке	0,01	-	0,01	-
тұқы	0,05	-	0,05	-
алабұға	0,01	-	0,01	-
ақсақалар	0,01	-	0,01	-
БАРЛЫҒЫ	34,92	7,5	0,42	27